

**КЕЛІСІЛДІ**

ҚР Мемлекеттік Орталық  
музей директорының м.а.  
Г.Темиртон

«14» 2025 ж.

**БЕКІТЕМІН**

ҚР Мемлекеттік Орталық  
музей директорының  
орынбасары  
А.В.Кущенко

«14» 02 2025 ж.

**Қазақстан Республикасы Мемлекеттік Орталық музейінің  
ұйымдастыруымен өтетін  
«Мен және менің тазым» республикалық фото байқауының**

**ЕРЕЖЕСІ****I. Жалпы ережелер**

1.1 Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Орталық музейі Қазақстан Республикасы Мәдениет және ақпарат министрлігінің қолдауымен Қазақстанның тарихи мұрасын зерделеуге, ұлттық құндылықтарымызды жаңғыртуға, соның ішінде жеті қазынамыздың бірі, ер жігіттің сенімді серігі – тазы түқымын сақтап, көбейтуге және насихаттауға бағытталған фотобайқаудың шарттары мен міндеттері.

1.2 Фотобайқауға жұмыстар [muzped2024@mail.ru](mailto:muzped2024@mail.ru) электрондық мекен-жайына 2025 жылдың 1 наурызынан – 1 мамырға дейін қабылданады.

1.3 Фотобайқауға қатысушылар: мектеп оқушылары отбасыларымен.

1.4 Фотобайқау тегін.

1.5 Фотобайқау форматы: онлайн.

1.6 Фотобайқау 2025 жылдың 1 мамыр - 3 қыркүйек күндері аралығында Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейінің базасындағы әлеуметтік желілерде, фотоматериалдарды жариялай отырып өткізіледі.

**II. Байқаудың мақсаты мен міндеттері**

- ❖ Жеті қазынамыздың бірі – тазы арқылы ұлттық мұра, мәдениетімізді дәрілтеу;
- ❖ қазақ халқының аңшылық дәстүрін жаңғырту;
- ❖ фотоөнері арқылы тазы ит түқымын танымал ету;
- ❖ адамдардың тазыға қамқорлық жасауына ықпал ету;
- ❖ қазақы тазы ит түқымын сақтап, көбейтуге арналған іс-шаралар мен ұйымдардың дамуына ықпал ету.

### **III. Фотобайқаудың қойылатын талаптары**

- ❖ Фотобайқауға мектеп оқушылары отбасыларымен қатыса алады;
- ❖ әр қатысушы 1-3 сурет ұсына алады;
- ❖ фото суретте қазақы тазы ит пен адам бейнелену қажет;
- ❖ фото сурет жоғары сапада болу керек (минимум 1920x1080 пиксель, ұсынылған форматтар: JPEG, PNG);
- ❖ арнайы эффектілер қолдануға болмайды (тек түстер мен жарықты түзетуге рұқсат).

### **IV. Тақырыптар:**

- ❖ **Отбасылық суреттер:** тазылар мен адамдардың достық және мейірімділік негізіндегі қатынасы.
- ❖ **Менің адал серігім:** тазыны адамның сенімді серігі, досы ретінде көрсету.
- ❖ **Балалық шақ және тазы:** балалардың тазымен қарым-қатынасын, достығын бейнелеу.
- ❖ **Табиғат аясындағы тазылар:** қазақ даласының әсем табиғатында тазылардың сұлулығын бейнелеу.
- ❖ **Аңшылық дәстүр:** ұлттық аңшылық мәдениеті мен тазылардың рөлін көрсету.

### **V. Жұмыстарды тапсыру тәртібі:**

- ❖ Байқауға қатысу үшін қатысушының аты-жөні және фотосуреттерін (1-3) «Мен және менің тазым» тақырыбымен ұйымдастыру алқасының [muzped2024@mail.ru](mailto:muzped2024@mail.ru) электронды поштасына жіберуі керек;
- ❖ байланыс деректері (телефон номері, e-mail, елдімекен атауы);
- ❖ фото суреттің қысқаша сипаттамасы (3-5 сөйлем).

### **VI. Бағалау критерийлері**

Ұйымдастырушылар фотосуреттерді келесі критерийлер бойынша бағалайды:

- ❖ тақырыпқа сәйкестігі;
- ❖ мазмұнын аша білу;
- ❖ креативті-шығармашылық ойлау қабілеті;
- ❖ эстетикалық-эмоциялық бейнесі;
- ❖ қазақы, ұлттық элементтерінің болуы.

## VII. Жұлделер мен номинациялар

Байқау аясындағы жүлделі орындар төмендегідей номинациялар бойынша бөлінеді. Арнайы номинациялар:

- ✓ «Шынайы достық» – 1, 2, 3 орын
- ✓ «Табиғат аясындағы сұлулық» – 1, 2, 3 орын
- ✓ «Тазымен аңшылық» – 1, 2, 3 орын
- ✓ «Отбасы және тазы» – 1, 2, 3 орын

## VIII. Қосымша шарттар

- ❖ Фотобайқауға ұсынылған барлық фото суреттердің авторлық құқығы сақталады, бірақ ұйымдастырушылар фотосуреттерді жарнама немесе көрме мақсатында қолдануға құқылы;
- ❖ қатысушы жіберілген материалдардың түпнұсқалығы үшін жауапты;
- ❖ ережелер бұзылған жағдайда, ұйымдастырушылар қатысушыны фотобайқаудан шеттетуге құқылы.

## IX. Нәтижелерді жариялау

- ❖ Фотобайқау жеңімпаздарының тізімі Орталық музейдің әлеуметтік желілерінде (фейсбук, инстаграмм) жарияланады және қатысушының электрондық поштасына жіберіледі;
- ❖ ең үздік деп танылған туындылар 2025 жылы қыркүйек айында музейдің «Мен және менің тазым» фотокөрмесіне қойылады;
- ❖ көрсетілген номинациялар бойынша үздік деп танылған фотосурет авторлары дипломмен марапатталады, қалған қатысушыларға алғыс хат беріледі.

## X. Байқаудың өтетін орны

Қазақстан Республикасы Мемлекеттік орталық музейі.

**Мекен жайы:** Алматы қаласы, Самал-1 ш.а, 44 үй.

Барлық сұрақтар бойынша байқауды ұйымдастыру комитетіне хабарласуға болады.

## XI. Ұйымдастыру комитеті

Ұйымдастыру комитеті:

**Алтынбекова Нұржанат Жоламанқызы**, жұм.тел: +7 (727) 264-46-77; ұялы тел: +7 747 156 7554.

**Курбанова Айжан Айдархановна**, ұялы тел: +7 708 694 7707.